

А.Б. СМАНОВА

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық

және әкімшілік құқық кафедрасы доценті, з.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕІЗГІ КЕПІЛІ

Аннотация

Қазақстан Республикасы – демократиялық, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру жолында негізгі идеялар ретінде заң үстемдігі және қоғамның барлық саласында оның басым болуын, жеке адамның құқығы және бостандығы қорғалып, оған кепілдік берілуі тиіс. Әрине мемлекеттіліктің құқықтық бағытта дамуын қамтамасыз ететін құқықтық тетік қажет. Соған орай Қазақстан Республикасының егемендігі мен дербес тәуелсіздігін қамтамасыз ететін негізгі нормативтік құқықтық акт еліміздің Ата заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Конституцияны тұжырымдамалық тұрғыдан екі: тар және кең мағынада түсіну қажет. Біріншіден, тар мағынада Конституция бұл жоғарғы заң күші бар, қоғамдық тәжірибеде іске асырылатын теориялық тұжырым мен әлеуметтік-саяси үлгінің нормативтік көрінісі болып табылатын мемлекеттің негізгі заңы. Ал кең мағынада конституция – бұл конституциялық құрылыстың құндылықтары, институттары мен нормалары: адам ең жоғарғы құндылық, оның құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі, халық егемендігі – ресми бекітілетін ең жоғарғы құқықтық форма болып табылады.

Қазақстан Республикасының бүгінгі қолданыстағы Конституциясы елімізде азаматтық қоғам институттарын орнатудың барлық құқықтық құрылымдарын орнықтыруға толығымен мүмкіндік берді.

Азаматтық қоғам институттарының ерекше сипатын көрсететін идеологиялық әр алуандылық мәселесі, азаматтық қоғамның негізгі тірегі – үкіметтік емес ұйымдардың қалыптастырылу негіздері, отбасы жағдайы және жеке меншік мәселесі жеткілікті деңгейде құқықтық реттеліп келе жатқанын да аңғара аламыз, әрине осал тұстары да қоғамдық құраушы элементтердің өзінің мүмкіндігін әлі толықтай пайдалана қоймағандығын ескеру керек.

Қазақстан Республикасы мемлекеттің билік тежемелік және тепе – теңдік жүйесін пайдалана отырып, оны заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлу қағидаларыне сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылатындығын белгілеген романо-германдық құқықтық отбасына сай даму жолында.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – Ата заңымыз ұлттық және халықтық егемендіктің орнығуын, мемлекеттің демократиялануының көрінісі, құқықтық пен зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуына кепілдік берген, азаматтық қоғам институттарының қызмет етуіне үлес қосқан нормативтік құқықтық акт.

Тірек сөздер: конституция, конституциялық құрылыс, азамат, жеке тұлға, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, құқық, бостандық

Ключевые слова: конституция, конституционный строй, гражданин, личность, правовое государство, гражданское общество, право, свобода

Keywords: constitution, constitutional order, a citizen, a person, legal state, civil society, rights, freedom.

Азаматтық қоғам институттарын дамытып айқындау, қазіргі таңдағы заман талабына сай қолданысты қажет ететін ұғым. Азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін ең алдымен жоғарғы деңгейде қабылданған заңдар жүйесі толыққанды болуы тиіс, сонымен қатар, мемлекеттің азаматтары өздерін құқықтық саналы мәдениетті тұлға ретінде қалыптастыруы керек, тек сонда ғана алдымызға қойған мақсатқа жетуге болады. Азаматтық қоғамды құрайтын институттардың құқықтық негіздерін зерттеу үшін, ең алдымен сол қоғамды құрайтын тұлға мен азаматтың орнын белгілеп алған жөн. Жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын сипаттайтын өзіндік құқықтары – қауіпсіздік, еркін өмір сүру, бәсекелестікпен азаматтық қызмет етуге, отбасы құпиясын сақтауға, арнамысы мен ар-ұжданын қорғауға, жеке меншікке қол сұғылмауын талап етуге, сөйлесу тілін таңдап, оны қолдануға, еңбек ету бостандығына, тұрғын үйге қол сұқпауға, мұрагерлікке, кәсіпкерлік қызмет бостандығы мен тағы басқа мемлекетте қажет болып танылатын және бұлжытпай орындалып жүрген заңдық күші бар нормативтік-құқықтық құжаттарда белгіленген құқықтарға ие болады және бұлар заңда көрсетілген міндеттерге де ие болады.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасу үрдісі мен оның мемлекетпен өзара қарым-қатынасының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл біздің елімізде мемлекет құрылысының қалыптасу ерекшеліктерімен, ұлттық тарихымызбен тікелей байланысты. Өйткені халқымыздың сан ғасырлар бойғы арман-мұраты тәуелсіздікке, дербестік, бостандыққа қол жеткізу болатын. Сонау қазақ хандығы дәуірі, одан Ресейге қосылу, алып орыс империясының қарамағындағы бодандық, соңғы жетпіс жылдан астам мерзімді қамтыған кеңестік кезеңде қоғамдық өмірдің сан ғасырлық ішкі байланысы үзіліп қалды, халықтық салт-дәстүрлер, ұлттық игіліктер мен адамгершілік нормалар жойылып бара жатты. Сондықтан да өмір бойы қазақ халқы да өзгелер секілді мемлекет пен өзінің жеке мүдделерінің ара-қатынасының ең оңтайлы жолдарын, заңнамаларын іздестірді. Бұл – бүгінде, тоталитарлық жүйеде өмір сүрген біз секілді көршілес елдер үшін де, құқықтық мемлекет идеялары мен құндылықтары барлық саяси және экономикалық заңнамаларды іске асыру үрдісіндегі басты бағыттардың бірі болып есептеліп отыр. Өйткені мұндай бағыт аяқ астынан пайда болған жоқ. Ол дамыған демократиялық мемлекеттің алға қойған мақсаттары мен міндеттерінен, қоғамдық және саяси дамудың объективті қажеттіліктерінен туындады.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында мемлекеттің құқықтық үлгідегі мемлекет болуы, қоғамның мәдени-рухани жағдайы және ел азаматтарының ерікті азаматқа айналуы маңызды фактор болып есептеледі. Азаматтық қоғам – ең алдымен, азаматтар мен адамдардың табиғи және белгіленген құқықтарын мойындау, қамтамасыз ету, қорғау ескерілген құқықтық демократиялық мемлекет. Мұнда негізінен құқықтық жүйе басты роль атқарады. Бұл орайдағы жетістіктеріміз 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясының қабылдануы, 1990 жылғы Қазақ КСР егемендігі туралы Декларациясы, 1991 жылғы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Декларациясы, 1993 жылғы ең алғаш рет қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, одан соң бүкіл халықтық референдумда қабылданған 1995 жылғы

Қазақстан Республикасының Конституциясы және т.б. заңдық актілерімен байланыстырылады.

Азаматтық қоғам – азаматтардың тек қана саяси өмірге ғана емес, сонымен қатар күнделікті экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени аяда пайда болатын қызметтерді жүзеге асыруы болып табылатынын ескерген жөн. Сол себепті азаматтық қоғам тек саясат пен биліктің ғана емес, жан-жақты дамыған, құқықтық қатынаста пайда болатын қажеттіліктерді жүзеге асыратын ұйымдық бірлестік.

Қазақстан Республикасында қазіргі таңда, жоғарыда айтылып кеткендей елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен азаматтық қоғамды және құқықтық мемлекетті қалыптастырудың құқықтық негіздерін және саяси бағытын қалыптастыру үстінде. Оған дәлел – азаматтық қоғамның қалыптасуына ұйытқы болатын 2002 жылы құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясы, 2004 жылы құрылған Қазақстан Республикасының Президент жанындағы Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия мен т.б. мемлекет тарапынан құрылған органдардың қызметтері.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің дербес ел, тәуелсіз республика ретінде қалыптасып жатқанының заңды көрінісі.

Конституция – азаматтық қоғам институттарын қалыптастырушы, мемлекет тарапынан заң шығармашылық қызмет нәтижесінде халықтың мүддесін қамтамасыз ететін негізгі қайнар көз. Конституцияның баптарында құқықтық, зайырлы, әлеуметтік, демократиялық және азаматтық қоғам ретіндегі мемлекеттің дамуы мен азаматтарының құқықтары мен бостандықтары мазмұндалады. Онда: “Біз ортақ, тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық, мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз”[1], – деп Қазақстанның азаматтары өз еріктерін білдіреді. Осы қабылданған құжат негізінде халқымыз алдына қойған бағыт бойынша қызмет етуде. Бұған дәлел, әрине сонау егемендігімізге ие болған жылдардан бастау алған, елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық-саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар.

Қазақстан Республикасының бүгінгі қолданыстағы Конституциясы елімізде азаматтық қоғам институттарын орнатудың барлық құқықтық құрылымдарын орнықтыруға толығымен мүмкіндік берді.

Азаматтық қоғам институттарының ерекше сипатын көрсететін идеологиялық әр алуандылық мәселесі, азаматтық қоғамның негізгі тірегі – үкіметтік емес ұйымдардың қалыптастырылу негіздері, отбасы жағдайы және жеке меншік мәселесі жеткілікті деңгейде құқықтық реттеліп келе жатқанын да аңғара аламыз, әрине осал тұстары да қоғамдық құраушы элементтердің өзінің мүмкіндігін әлі толықтай пайдалана қоймағандығын ескеру керек.

Қазақстан Республикасы мемлекеттің билік тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, оны заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлу қағидаларыне сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылатындығын белгілеген романо-германдық құқықтық отбасына сай даму жолында.

Қазақстанның Ата заңы негізінде ұлттық және халықтық егемендіктің орнығуы –

мемлекеттің демократиялануының көрінісі.

Ұлттық егемендік, ұлттың өз тағдырына өз атына ие болуынан, мемлекеттік, экономикалық және рухани салаларда өзін-өзі тануынан көрінеді. Қазақстан Республикасының ұлттық егемендігінің өзіне тән ерекшелігі де айқындалады. Мысалы, Қазақстан бір ғана ұлт қана емес – сандаған жылдар бойы өз аумағында тұрып келе жатыр көптеген ұлттар тоғысқан мемлекет. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы осы – “байырғы қазақ жерінде мемлекет құрып отырған” тарихи фактіні таныды және оны орнықтырды. Қазақстанда тұратын халықтың жартысынан астамын басқа ұлттың өкілдері құрайды.

Ұлттық егемендіктің діни салада алатын орны айрықша. Ұлттық егемендік көп ұлтты Қазақстан жағдайында қазақ ұлтына, барлық ұлттық топтарға қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларына белсенді араласуы арқылы өздерінің этникалық, мәдени, тілдік болмысын барынша айшықтай көрсетуге мүмкіндік жасалған [2, 20-25 бб.].

Азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру үшін негіз салушы нормативтік құқықтық актілер қатары бірнеше. Атап айтқанда, Қазақстанда тұратын ұлттық топтардың ұлттық болмысын қолдау идеясын айқындайтын 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған "Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы" декларацияда көрініс тапты. Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың өзіндік мәдениетін, дәстүрін, тілін жаңғырту мен дамыту және ұлттық болмысын нығайту Қазақ КСР мемлекеттегінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында жылдар бойы қалыптасып келе жатқан тіл туралы мәселенің орны ерекше. Кеңес өкіметі кезінде қазақ тілі орыс тілімен бірге мемлекеттік тіл деп танылғанымен, қазақ тілінің қолданылу аясы мүлдем дерлік тарылған. Мемлекеттік салада қолданудан шығып қалды десе де болады. Қазақ тілінің мәнін көтеру мақсатында ол мемлекеттік тіл деп жарияланды. Алайда, Парламентте, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында орыс тілін мемлекеттік тіл деңгейіне көтеру мәселесі де өткір қойылды. 1995 жылғы Конституция бұл мәселелерде елеулі келісімге жол ашты, орыс тілі мемлекеттік органдар мен ұйымдарда және өзін - өзі басқару органында “қазақ тілімен бірдей” ресми тіл ретінде қолданылатын болды. Бұл мәселе “ Қазақстан Республикасының тіл туралы” заңында жан-жақты реттелу жолында.

Қазақстан Республикасында аймақтарда 165 бөлімшелері бар 30-дан астам ұлттық орталықтар жұмыс істейді. Олар – орыс, неміс, ұйғыр, корей, тәжік, өзбек, татар және тағы басқа ұлт өкілдерінің орталықтары. Мұндай іс-шаралар азаматтық қоғам институттарының белсенді дамып келе жатқанына ой-пікір түйеді.

Ұлттық егемендік туралы айту үшін, алдымен оның ұғымын түсініп алған жөн. Бұл ұғым әлемдегі көптеген елдердің конституцияларында кездеседі. Үлгі ретінде Франция республикасының 1958 жылғы 4 қазандағы Конституциясымен шектелетін, оның “Егемендік туралы” бөлімінде былай делінеді: “Ұлттық егемендік оны өздерінің өкілдері арқылы және тікелей референдуммен жүзеге асыратын халыққа берілген”. Мұның өзі халықтық егемендікті мемлекеттік егемендікпен шектейді, екіншісі біріншісінен бастау алады. Оның үстіне мемлекеттік егемендік орасан зор мемлекеттік механизм арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанда қазіргі “халық” ұғымы Қазақстан КСРО құрамында болған кездегі “халық” ұғымынан айтарлықтай ерекшеленеді. Ол кезде Қазақстан халқы КСРО халқының құрамдас бір бөлігі болды. Сонымен бірге заңда Қазақстан халқы ұғымы да болды. Қазақ КСР -ының Конституциясында 1978 жылғы 2-ші бабында: “Қазақ КСР-ында бүкіл билік халық иелігінде. Халық кеңестері депутаттары арқылы мемлекет билігін халық жүзеге асырады”, - делінген.

Тарихқа шолу жасай келе, қазақ елі мен жері бірнеше жылдан кейін, 1991 жылдың 16-шы желтоқсанында “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” конституциялық заңы қабылданды. Онда қазақ ұлты бірінші рет тарихи, саяси аренаға көтерілді. “Қазақ ұлты республиканың ортақ тарихи тағдыры біріктірген барлық ұлттарының азаматтарымен бірге Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден-бір қолдаушысы және қайнар көзі болып табылатын біртұтас Қазақстан халқын құрады, мемлекеттік билікті тікелей, сонымен бірге өкілетті органдары арқылы жүзеге асырады” – деп жария еткен (Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995. – 6-бап). Мұндай анықтаманың қазақ ұлтының тағдырында тарихи мәні бар. Заң 150 жылдан кейін бірінші рет бүкіл әлемнің алдында қазақ ұлтының егемендігі Қазақстан Республикасындағы халықтың егемендікке ие болуы негіз болып табылады. Мемлекеттік нысаны туралы халықаралық қатынастарда ең маңызды мәселе қатарына айналған, бірақ аталған Ата заңымыздың баптарына сай мемлекетіміз қандай бағыттағы нысанды ұстанатынын айқындап алды. Яғни, бізге мәлім мемлекеттік нысанымыз – республика, соның ішінде – президенттік басқару [2, 35 б.]. Бұл дегеніміз – сайлану және сайлау құқығына ие болу арқылы демократиялық таңдау арқылы мүдделерімізді қорғау және қамтамасыз ету.

Ықпалдасу мен әрекеттесу тең-теңдігін сақтаудың шарты биліктің бәсекелес, легитимді түрде болуын қалайды, азаматтық қоғам элементтерінің дамыған деңгейін жалғастыруды, билік пен қоғамның заңға тәуелділігін арттыра түсу жолдары және жеке адамның бұзылмайтын және дербес құқықтарының жиынтығы арқылы мемлекет билігінің шектелу жолдары шартты азаматтық қоғамға да, сонымен мемлекеттегі саяси билікке де әсер етеді. Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып, 2013 жылы мемлекетімізде алғаш рет облыс, аудан әкімдерін сайлау жүргізілді.

Қазақстан Республикасының негізге алатын Конституциялық құрылысы, елдегі билікті күшпен шектеп кетпеуіне азаматтық қоғам институттары алдында кепілдік беретін іргетасы болып саналынады.

ӘДЕБИЕТ

1 ҚР Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған. Алматы: Жеті жарғы, 2008.

2 *Сартаев С.С., Назарқұлова Л.Т.* Қазақстан Республикасының қалыптасуы: проблемалары мен болашағы. Алматы, 2005. 464 б.

А.Б. Сманова

к.ю.н., доцент кафедрасы теориясы және тарихы мемлекет және құқық теориясы және тарихы, конституциялық және административтік құқық теориясы және тарихы

**г. Алматы, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
Конституция Республики Казахстан – основной гарант для формирования
институтов гражданского общества**

Резюме

В статье рассматривается роль и значение Конституции РК на процесс формирования институтов гражданского общества. А также описан комплексный анализ конституционных правовых основ в формировании институтов гражданского общества в Республике Казахстан и вывод о том, что для стабильного развития институтов гражданского общества нужна твердая и неувязимая нормативно-правовая база.

A.B. Smanova

**Ph.D., Associate Professor, Department of Theory and History of State and Law,
Constitutional and Administrative Law
Almaty, Kazakh National University named after Al-Farabi
The Constitution of the Republic of Kazakhstan the main guarantor for the institutions of
civil society**

Summary

The article discusses the role and importance of the Constitution of the Republic of Kazakhstan on the formation of institutions of civil society. And also describes complex analysis of the constitutional legal basis in the formation institutions of civil society in the Republic of Kazakhstan and conclusion about is that for the stable development of the institutions of civil society need strong and invulnerable regulatory framework.